

- 3 Afroze S., Reza M.S., Kuterbekov K., Kabyshev A., Kubenova M.M., Bekmyrza K.Z., Azad A.K. Emerging and Recycling of Li-Ion Batteries to Aid in Energy Storage, A Review // Recycling. – 2023. – Vol. 8(3). – P. 48. <https://doi.org/10.3390/recycling8030048>
- 4 Reza M.S., Afroze S., Kuterbekov K., Kabyshev A., Bekmyrza K., Taweekun J., Ja'afar F., Saifullah Abu Bakar M., Azad A.K., Roy H., Islam M.S. Ex Situ Catalytic Pyrolysis of Invasive Pennisetum purpureum Grass with Activated Carbon for Upgrading Bio-Oil // Sustainability. – 2023. – Vol. 15. – P. 7628. <https://doi.org/10.3390/su15097628>
- 5 Snyder J. and Toberer E. S. Complex thermoelectric materials // Nat. Mater. – 2008. – Vol. 7. – P. 105-114.
- 6 Dresselhaus M.S., Chen G., Tang M.Y., Yang R.G., Lee H., Wang D.Z., Ren Z.F., Fleurial J.P., and Gogna P. New Directions for Low-Dimensional Thermoelectric Materials // Advanced Materials. – 2007. – Vol. 19. – P. 1043.
- 7 Mona Zebarjadi, Keivan Esfarjani, Ali Shakouri, Zhixi Bian, Je-Hyeong Bahk, Gehong Zeng, John Bowers, Hong Lu, Joshua Zide, and Art Gossard. Effect of Nanoparticles on Electron and Thermoelectric Transport // Journal of Electronic Materials. – 2009. – Vol. 38. – P. 954.
- 8 Minnich A. J., Dresselhaus M. S., Ren Z. F., Chen G. Bulk nanostructured thermoelectric materials: current research and future prospects // Energy & Environmental Science. – 2009. – Vol. 2. – N.5.
- 9 Larsen T. H., Sigman M., Ghezelbash A., Doty R. C., and Korgel B.A. Solventless Synthesis of Copper Sulfide Nanorods by Thermolysis of a Single Source Thiolate-Derived Precursor // J. Am. Chem. Soc. – 2003. – Vol. 125 (19). – P. 5638-5639.
- 10 Kuterbekov K.A., Balapanov M.K., Kubenova M.M., Ishembetov R.Kh., Zeleev M.Kh., Yakshibaev R.A., Kabyshev A.M., Alina R.A., Bekmyrza K.Zh., Baikhozhaeva B.U., Abseitov E.T., Taimuratova L.U. Chemical diffusion and ionic conductivity in nonstoichiometric nanocrystalline superionic $\text{Na}_x\text{Cu}_{1.75}\text{S}$ ($x = 0.1, 0.15, 0.2, 0.25$) materials // Ionics. – 2022. – Vol. 28. – P. 4311–4319. <https://doi.org/10.1007/s11581-022-04651-y>
- 11 Kuterbekov K.A., Balapanov M.Kh., Kubenova M.M., Palymbetov R.Sh., Ishembetov R.Kh., Sakhabayeva S.M., Kabyshev A.M., Akhmetgaliev B.M., Bekmyrza K.Zh., Abseitov Ye.T., Giniyatova Sh.G. Thermal properties of nanocrystalline copper sulfides $\text{K}_x\text{Cu}_{1.85}\text{S}$ ($0 < x < 0.05$) // Letters on Materials. – 2022. – Vol. 12. – P. 191–196. <https://doi.org/10.22226/2410-3535-2022-3-191-196>

ӘОЖ 62.9

ПЕРСОНАЛДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Елубаева Назым Дулатовна

e_nazymd2002@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ 4-ші курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.К. Хаймулдинова

Қазіргі уақытта кәсіпорын қызметкерлерін оқыту мәселесі Қазақстан үшін ерекше маңызға ие. Әр ұйымда қызметкерлер өте маңызды. Адамдарсыз ұйым жоқ. Білікті кадрларсыз бірде-бір ұйым өз мақсаттарына жете алмайды.

Кәсіпорында біліктілікті арттыру - бұл жаңа тұжырымдамаларда да, стандартты тәсілдерде де болуы мүмкін үздіксіз процесс. Біліктілік - бұл қызметкердің тиісті күрделіліктегі кәсіби функцияларды орындауға дайындық дәрежесін анықтайтын арнайы білім мен практикалық дағдылардың жиынтығы.

Біліктілікті арттыру кадрлардың кәсібилігін жақсарту және жетілдіру мақсатында жүзеге асырылады. Бұл жұмыс берушіге белгілі бір саладағы жұмыстың заманауи талаптары мен стандарттарына сай болу, өнімнің немесе қызметтің сапасын жақсарту, өнімділікті арттыру, тұтынушылардың қанағаттану дәрежесін және олардың ұйымға деген адалдығын арттыру үшін қажет. Қызметкер үшін біліктілікті арттыру мансаптық өсу, жалақының өсуі, кәсіби сенімділікті арттыру және өз қызметі шеңберінде кәсіби мүдделерді дамыту үшін негіз бола алады [1,4 б.].

Компанияның тұрақтылығын және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін ең маңызды құрал оның сыртқы және ішкі ортасының ағымдағы және перспективалық талаптарына сәйкес қызметкерлерді кәсіби даярлау болып табылады.

Қазақстанда кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін және мамандық бойынша белгілі бір жұмыс уақытынан кейін біліктілікті арттыру екі мақсатқа жетуге бағытталады:

- кәсіптік біліктілікті техникалық және кәсіптік дамудың жаңа үрдістеріне еңбек процесін сүйемелдейтін оқу іс-шараларын өткізу арқылы, негізінен кәсіпорындардың өздерінде бейімдеуді қамтамасыз ету;

- кәсіпорында, көптеген кәсіпорындарға қызмет көрсететін оқу орталығында немесе кәсіптік мектепте курстарға қатысу арқылы орта буын мамандары мен басшы персоналы (мысалы, шеберлер, техниктер, түрлі бейіндегі мамандар және т.б.) ретінде біліктіліктің жоғары сатысына ауыса отырып, кәсіби мансап даярлау.

Оқыту барысында қызметкерлер біліктілігін арттырады, кәсіби, басқарушылық және коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді. Заманауи стандарттар мен технологияларға сәйкес "шыңдалған" маман қосымша құндылыққа ие болады. Ол жұмыс мәселелерін тезірек шеше алады және бизнес стратегиясының мақсаттарына қол жеткізе алады [2,7 б.].

Қазақстанда біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын 9 оқу орталық бар. Олар:

1. «Қазақстандық оқыту және консалтинг орталығы» ЖШС;
2. «Техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйелері бойынша біліктілікті арттырудың Қазақстандық институты» ЖШС;
3. «Қазақстандық сапа ұйымы» ЖШС;
4. «Эксперт» Оқу орталығы» ЖШС;
5. «Техникалық реттеу және метрология орталығы» ЖШС;
6. «Қазақстандық тренинг және консалтинг орталығы» ЖШС;
7. «Техникалық реттеу, стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі республикалық академия» ЖШС;
8. «Қазақстандық стандарттау және метрология институты» ШЖҚ РМК;
9. «КиР» тренинг орталығы» ЖШС.

Осы оқу орталықтарының 4 - Астана қ., 5 - Алматы қ., 1 - Қарағанды мен Тараз қалаларында орналасқан [3, 5 б.].

Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар туралы ҚР СТ 1.45-2021 стандарт ҚР Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті «Қазақстан стандарттау және метрология институты» ШҚЖ РМК әзірлеген. 2021 жылғы «08» желтоқсанындағы № 452-НҚ бұйрығына сәйкес Техникалық реттеу және метрология комитетінің Төрағасы бекіткен, қолданысқа енгізген. Ол «ҚР-ның Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар. Жалпы талаптар» орнына енгізілді.

ҚР СТ 1.45-2021 сәйкес техникалық реттеу саласында мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды (бұдан әрі – біліктілік курстарын өткізу) жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ техникалық реттеу саласында біліктілік курстарын өткізу тәртібін айқындайды [4, 7 б.].

«Техникалық реттеу, стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі республикалық академия» ЖШС (бұдан әрі - Академия) Қазақстан Республикасы Техникалық реттеу және метрология комитетінің тізілімінде сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығы ретінде тіркелген.

Оқыту шеңберінде аккредиттеу, стандарттау, техникалық реттеу, менеджмент жүйелерін сертификаттау саласындағы қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптар қаралады.

Сәйкестікті растау бойынша сарапшы-аудиторларды аттестаттаудың негізгі төрт бағыты бар. Олар:

1. Өнімдер бағыты бойынша;
2. Қызметтер бағыты бойынша;
3. Менеджмент жүйелері бағыты бойынша;
4. Қызметкерлердің сәйкестігін растау бойынша.

Солардың ішінде, Академия менеджмент жүйелері бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің оқу орталықтары тізілімінде тіркелген:

1. Сапа менеджменті жүйесіне сәйкестігін растау үшін сарапшы-аудиторларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
2. Экологиялық менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау үшін сарапшы-аудиторларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
3. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау үшін сарапшы-аудиторларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
4. Энергия менеджменті жүйесінің сәйкестігін растау үшін сарапшы-аудиторларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру [5, 7 б.].

«Техникалық реттеу, стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі республикалық академия» ЖШС персоналдардың біліктілігін арттырудың соңғы 3 жылын талдап, зерттеу нәтижесінде, 2021 жылы 15 курс, 2022 жылы 17 курс, 2023 жылы 18 біліктікті арттыру курстарының өткенін байқауға болады (1-кесте, 1-диаграмма).

Кесте 1 2021-2023 жылдар аралағында өткен стандарттар саны

Жылы Саны	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
15	+		
17		+	
18			+

Диаграмма-1 2021-2023 жылдар аралағында өткен стандарттар санының салыстырмалы көрсеткішінің диаграммасы



Соңғы 3 жылда көп оқытылған тақырыптар 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 Көп оқылатын тақырыптар тізімі

Жылы	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Атауы			
ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 талаптарына сәйкес сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар	62	51	30
ISO 37001:2016 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі Нұсқаулық»	25	53	67
ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 стандарттарының талаптарына сәйкес интеграцияланған басқару жүйелері	5	35	133
ҚР СТ ISO 15189-2015 «Медициналық зертханалар. Сапа мен құзыреттілікке қойылатын талаптар»	30	75	120



Персоналдың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың SWOT талдауы күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін салыстыру 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 SWOT - талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
Өз ісін жетік білетін мамандар Білікті мамандардың көбеюі Персоналдың үнемі біліктілікті арттыру курстарына қатысып, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуы Персоналдың бәсекеге қабілетті болуы Табыстың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігі Соңғы жылдармен салыстырғанда оқу курстарына қатысушылар санының артуы Семинарлардың апта сайын өткізілуі	Оқыту нарығында көптеген бәсекелестердің болуы Біліктілікті арттыруға қызығушылықтың болмауы Қашықтықтан оқыту курстары, вебинарлар арқылы біліктілікті арттыру бойынша персонал белсенділігінің төмендігі Лекторлардың (эксперт-аудиторлардың) тапшылығы ЖОО-да білікті мамандардың тапшылығы
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Персоналдың біліктілігін арттыру арқылы, білікті мамандардың санын арттыру Бәсекеге қабілеттілікті арттыру Өз алған білімдерімен, тәжірибелерімен бөлісу мүмкіндігі	Жаңа өзгерістерге персоналдың қарсы болуы

Персоналдарға біліктілікті арттыруда керек бірнеше ұсыныстарды ұсынғым келеді:

1. Персоналдың жеке және ұжымдық өсуіне әкелетін өзгерістер туралы хабарландыруларды көбейту.

2. Персоналдардың біліктілігін арттыруда сапалы білім беру.

3. Оқу бағдарламаларында тыңдаушылар жақсы түсінуі үшін практикалық және қызықты оқыту әдістерінің болуы маңызды.

4. Алынған кері байланысты тиімді оқыту үшін қолдану.

5. Персоналдарға өз біліктіліктерін жетілдіру үшін қолайлы жағдай жасау.

Қорытындылай келе, оқыту және дамыту шаралары әр ұйымда қажет екені белгілі болды. Қызметкерлерді оқыту арқылы техникалық білімдері мен дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға жүргізілген зерттеу оларды жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеуге мүмкіндік берді. Білімді, дағдыларды және шеберлікті бағалау үшін емтиханды енгізу қажет. Бұл қызметкердің кәсіби дайындық деңгейін және оны одан әрі оқыту қажеттілігін анықтау үшін қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Архипова Н. И. Персоналды басқарудың қазіргі мәселелері: монография / С. В. Назайкинский, О. Л. Седова, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті, Н. И. Архипова. – М.: Даңғыл, 2018. – 161 б.

2 Вукович Г. Г. Персоналды басқару: теория және әдістеме / Г. Г. Вукович // Экономика кәсіп Бизнес. – 2019. – № 4. – 20-25 б.

3 Техникалық реттеудің ақпараттық жүйесі <https://techreg.kezekte.kz/>.

4 ҚР СТ 1.45 – 2021 «Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдар. Жалпы талаптар».

5 «Техникалық реттеу, стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі республикалық академия» ЖШС-нің ресми сайты <https://atssm.kz/>.

6 Қызметкерлерді оқыту 2023: қандай әдістер мен әдістерді таңдау керек <https://www.finkont.ru/>.

7 Персоналды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру <https://otherreferats.allbest.ru/>.